

Батыс Қазақстан облыстық Білім басқармасының мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының облыстық оқу-әдістемелік кабинеті

«Қазақ тарихы» тақырыбындағы элективті курс

Жалпы білім беретін мектептің 11 сынып білім алушыларына арналған.

11с

Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтеріне таратуға ұсынылды.

Хаттама № 2 29 наурыз 2024жыл

Құрастырушылар:

Зайрлиева Карылга Темирешовна- Д.Нұрпейісова ЖОББМ-нің тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші.

Жакибалиева Анар Уаликановна - Д.Нұрпейісова ЖОББМ-нің тарих пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы.

Рецензенттер:

Д.Б.Рамазанова- тарих пәнінің мұғалімі, педагог- мастер

Л.С.Серикова- тарих факультетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты

Курс «Қазақстан тарихы» пәнінің негізгі тақырыптары бойынша мектеп бағдарламасы аясында құрылды. Тақырып бойынша қысқа мерзімді жоспар және әр тақырыпқа жаңа білім беру форматына сай тапсырмалар құрылды. Курс 11 сынып бітіруші түлектердің қорытынды аттестаттау сынақтарына даярлау үшін тарих пәнінің мұғалімдеріне арналып жасалған.

Түсінік хат

Әдістемелік көмекші құрал, мектеп бітіруші талапкерлерге Қазақстан тарихы пәні бойынша тақырыптарды пысықтап, білімін жетілдіріп, толықтыру мақсатында жазылған. Бұл әдістемелік құралда білім алушылардың меңгеруі тиіс басты тарихи оқиғалар, даталар, кезеңдер тарихи барысы, маңызы т.б нақты деректермен, тапсырмалар арқылы негізінен сызба -кесте түрінде топтастырылған. Оқушылардың тарихи білімдерін тереңдетуге, сапалы білім көрсеткішін иеленуіне, өзіндік көзқарасының қалыптасуына курстың берері мол. Курс барысында оқушылардың аса маңызды тарихи оқиғаларды есте сақтау үшін оқушының түсінігіне қолайлы жағдай тудырып, олардың себеп салдарының байланысын ашып көрсету арқылы жеке оқушыға материалды тез меңгеруіне және танымдық, шығармашылық үдерістерін дамытуына барынша жағдай жасалған. Қазақстан тарихы кезеңдері ежелгі заманнан күні бүгінге дейінгі оқиғаларды қамтуға мән беріледі.

Мақсаты:

- Оқушылардың өз елінің тарихын оқып білу арқылы белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру;
- әлемдік тарихи үдерістің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстанда адамзат қоғамының даму тарихы туралы білімін қалыптастыру;
- Оқушылардың тарихи білімдерін қорытындылап, себеп-салдарлық байланыс орнатып, тарихи оқиғалар, құбылыстарды дербес талдай білу, қоғамдық құбылыстарға өзіндік көзқарастарын білдіру, күнделікті өмірде білімін қолдана білу дағдыларын дамыту;
- тарихи деректермен жұмыс жасай білу және тарихи білімдерін шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды салыстырмалы талдау арқылы ой елегінен өткізуге дағдыландыру.
- сұрақтарға толық жауап беріп, тапсырмаларды ынта қоя орындауларын қадағалау;
- тарихи мәдениеті мен білімін жетілдіруді қалыптастыру;
- курс бойынша алған білімін ғылыми зерттеушілік жұмысқа бағыттау;
- Әдебиеттер мен қосымша көрнекіліктерді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың жалпы қабілетін дамыту;
- жас жеткіншектердің Отаны мен халық алдында жауапкершілікті сезінетін азаматтық позициясын қалыптастыру;
- Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;

Өзектілігі: Қазақстан тарихына қатысты өзекті мәселелерді зерттеуде оқушылардың практикалық іс-әрекет дағдыларын дамыту.

Бағдарланған мамандықтар:

Тарих, философия, археология, саясаттану, филология, әлеуметтану, заңтану;

Пәнаралық кіріктіру: Дүниежүзі тарихы, география, әдебиет.

Оқыту технологиясы: СТО технологиясы т.б.

Көрнекілік құралдары: бейнефильмдер, баспа құралдары, анықтамалық әдебиеттер, карталар, кесте сызбалар, әдістемелік әдебиеттер.

Бағдарламаны жүргізу формалары: реферат, сынақ (зерттеу жұмыстары)

Ғылыми болжам: Бұл бағдарлама 5-11 сыныптарда жинақтаған материалдарын тереңдете оқытуу арқылы алған білімдерін кеңейтіп, ойлауын, сараптама жасай білуін, өз ойын толық жеткізе білумен қатар, өмірге деген көзқарасын қалыптастырады.

Қолданбалы курсын оқыту ұстанымдары:

1. Ғылымилық

2. Байланыстылық

Оқушылардың теориялық білімі негізінде тапсырмаларды орындау біліктіліктерін қалыптастыру;

Бағалау, болжау, анықтау, сипаттау, түсіндіре білу керек;

Оқушының коммуникативтік, ақпараттық құзіреттіліктерін арттыру.

Мазмұны

Түсінік хат	3
Тақырыптық жоспар	5

I бөлім. Ежелгі тарих

Ежелгі тарих бөлімі тақырыптары бойынша қысқа мерзімді жоспарлар	6-11
---	------

II бөлім. Орта ғасыр кезеңі

Орта ғасыр кезеңі бөлімі тақырыптары бойынша қысқа мерзімді жоспарлар	12-19
--	-------

III бөлім. Жаңа заман кезеңі

Жаңа заман кезеңі бөлімі тақырыптары бойынша қысқа мерзімді жоспарлар	20-26
--	-------

IV бөлім. Қазіргі заман кезеңі

Қазіргі заман кезеңі тақырыптары бойынша қысқа мерзімді жоспарлар	27-39
--	-------

Қорытынды	40
Қолданылған әдебиеттер	41

	Тақырыбы	Сағат саны	күнi
I тарау Ежелгі тарих			
1	Тас дәуірі	1	
2	Қола дәуірі	1	
3	Темір дәуірі. Сактар	1	
4	Үйсіндер мен қаңлылар	1	
5	Ғұндар	1	
6	Сарматтар	1	
II тарау Орта ғасыр кезеңі			
7	Ерте орта ғасырлардағы мемлекеттер (VI-IX ғ.ғ.)	1	
8	Дамыған орта ғасырлардағы мемлекеттер. (X-XIII ғ.ғ.)	1	
9	Монғол империясы құрамындағы Қазақстан. Алтын Орда. Ақ Орда (XIII-XV ғ.ғ.)	1	
10	Ноғай Ордасы. Моғолстан.	1	
11	Әбілқайыр хандығы. Сібір хандығы.	1	
12	Қазақ халқының қалыптасуы.	1	
13	Қазақ хандығының құрылуы.	1	
14	XVII ғ. Басындағы Қазақ хандығы.	1	
III тарау. Жаңа заман кезеңі			
15	Қазақ -жоңғар соғыстары.	1	
16	Кіші жүздің Ресейге қосылуы	1	
17	Абылай хан тұсындағы қазақ хандығы	1	
18	XVIII ғ. Қазақстан мәдениеті.	1	
19	XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар	1	
20	XIX ғасырлардағы Қазақстандағы реформалар	1	
21	XIX-XX ғасырдың басындағы мәдениеттің дамуы	1	
IV тарау. Қазіргі заман кезеңі			
22	1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, 1917 жылғы Ақпан және қазан төңкерісі кезінде	1	
23	Қазақстан азамат соғысы жылдарда. Қазақстандағы ұлттық автономиялар	1	
24	Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы	1	
25	Қазақстан индустрияландыру және ұжымдастыру кезінде	1	
26	Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы	1	
27	Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда	1	
28	«Жылымық» кезеңіндегі Қазақстан	1	
29	«Тоқырау» кезеңіндегі Қазақстан	1	
30	«Қайта құру» кезеңі. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы.	1	
31	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің жариялануы	1	
32	Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан	1	
33	Тәуелсіз Қазақстан мәдениеті	1	
34	Курс бойынша қорытындылау	1	

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. Алматы. Атамұра 2017.
Б.Е.Көмеков, Т.С.Жұмағанбетов, К.С.Игілікова
2. Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. Атамұра. Алматы 2018
Н.С.Бакина, Н.Т.Жанақова, Қ.Қ. Сүлейменова
3. Қазақ тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Алматы. Мектеп 2018.
Г.Б.Хабижанова, Т.Е.Картаева, М.С.Ногайбаева, Т.Омарбеков
4. Қазақ тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 8-9 (I бөлім) сыныбына арналған оқулық. Алматы. Мектеп. 2019 жыл
Қ.С.Өскембаев, З.Ғ.Сақтағанова, Л.И.Зуева, Ғ.Мұхтарұлы
5. Қазақ тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 8-9 (II бөлім)-сыныбына арналған оқулық. Алматы. Мектеп 2019.
Қ.Өскембаев, З.Сақтағанова, Ғ.Мұхтарұлы